

«Қызылорда газ тарату жүйесі» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынның  
келісім комиссияның отырысының  
**ХАТТАМАСЫ**

Қызылорда қаласы

№ 1

14.03.2023 жыл

Төрағалық етуші; комиссия төрағасы Б. Ысқақов  
Хатшы; Т. Каримов  
Қатысқандар; комиссия мүшелері; А. Сайлаубекова, Е. Есенгелді, Е. Мусаев,  
А. Нурылдаев.

**КҮН ТӘРТІБІНДЕ**

«Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 159 бабына сәйкес жеке еңбек дауын қарау тәртібі бойынша жұмыс берушінің және жұмысшыралардың арасындағы туындейтын дауларды шешу үшін құрылған комиссиясына келіп түскен ұжымдық арызын қарау.

Баяндама жасаған; Т. Каримов

А. Сейтованың айлық және қызметкерлердің жыл сайынғы төленетін еңбек демалысына төленетін сомаларды есептеу кезінде қателік жібергендіктен, кәсіпорын қызметкерлерінен кем жолданған сомаларды жұмысшылардан өз арыздарына сәйкес айлық табысынан осы уақытқа дейін ұсталып келген.

Осылың негізінде, аудан газ шаруашылығының және әкімшілік қызметкерлері ағымдағы жылдың 9 наурызында айлық жалақыдан ұсталатын сомаларды тоқтату жөнінде арызданған.

Комиссия мүшелеріне жұмысшылардың арызы таныстырылды.

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 159 бабына сәйкес комиссия мүшелеріне өз міндеттері түсіндіріліп, еңбек дауын қарау тәртібі бойынша жұмыс берушінің және жұмысшыралардың арасындағы туындейтын дауларды шешу үшін комиссия төрағасына және жұмыс берушінің тарапынан тағайындалған мүшелеріне жоғарыда көрсетілген арыз бойынша шешім қабылдау үшін дауысқа салынды.

Қорытындысы; комиссия мүшелері бір дауыстан кәсіпорынның жұмысшылардың жеке еңбек дауын қарау тәртібі бойынша шешім қабылдады:- айлық жалақыдан ұсталатын сомаларды 2023 жылдың наурыз айынан бастап тоқтатуға.

Төрағалық етуші:

**Б. Ысқақов**

Хатшы:

**Т. Каримов**